

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



*Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым*



**J00041**

*23.06.2020 жс*

**2**

**0**

**2**

**0**

**ХАСАНОВА МАРИЯ  
СЕМБАЕВНА**

*БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы,  
«Нұр» бөбекжайының тәрбиешісі*

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

# БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

23.06.2020 жыл | № J00041

**Білім беретін, ғылыми,  
танымдық, жарнамалық басылым**

-----  
МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

-----  
«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың  
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

-----  
Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Күәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

-----  
Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

*БҚО, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы,  
«Нұр» бөбекжайының тәрбиешісі Хасанова Мария Сембаевна*

**Тәрбиеші:** Хасанова М.С.

**Білім беру саласы:** Қатынас. Шығармашылық. Денсаулық.

**Бөлімдері:** Тіл дамыту. Құрастыру. Дене шынықтыру.

**Тақырыбы:** «Туған күн»

**Мақсаты:** Қоршаған ортаны тани білу арқылы, дүниетанымын кеңейту. Сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін арттыру. Ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Орман аңдарына қамқор болуға, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Түстер мен пішіндерді ажыратуға үйрету. Жыл бойғы алған білімдерін тиянақтау.



**Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар:** Көктем көріністері тақырыбына суреттер қарау, ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Балаларға тақпақтар жаттатқызу.

**Әдіс – тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауап.

**Қажетті құралдар:** Суреттер, сылдырмақтар, түрлі-түсті текшелер, аңдардың макеті.

**Сөздік жұмыс:** Көктем – весна, аю – медведь, қоян – заяц, бал – мед, із – след

Іс - әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс -әрекеті
<p><b>Себепті қызығушылығын ояту кезеңі</b></p>	<p><i>Шаттық шеңбері</i> Дөңгеленіп тұрайық Керегені құрайық Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық.</p>	<p>Балалар шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасап, өлең жолдарын қайталайды.</p> 
<p><b>Ұйымдастырушы ізденіс кезеңі</b></p>	<p>Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Ал, көктемде қандай ерекшеліктер болады? Қар ериді, күн жылиды, құстар жылы жақтан ұшып келеді, теректер бүршігін жарады. <i>Көктем туралы тақпақтар.</i> Көктем – весна Сонымен қатар көктемде орман аңдары ұйқысынан оянады екен. Сол аңдардың бірі – аю. Балалар, білесіңдер ме, мен</p>	<p>Көктем мезгілі Балалардың жауабы</p>  <p>Көктем – весна Қар ериді, су ақты, Күндер туды шуақты.</p>

<p>бүгін балабақшға келе жатқанымда бір сауысқан аюдың туған күні екенін айтқан болатын. Туған күнге барғыларың келе ме? Бірақ аюға баратын жолды білмеміз, қалай барамыз?!</p> <p><i>Осы кезде сылдырмағын жоғалтып алған қоян жолыға кетеді:</i></p> <p>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!          - Мен сылдырмақтарымды мана жолдаа келе жатқанымда жоғалтып алған едім, соны көрген жоқсыңдар ма?          - Қоян жан, біздер орманға барайын деп жатыр едік, бүгін аюдың туған күні екен, соған сен бізге жол көрсетіп жібере алмайсың ба?          - Әрине, көмектесейін, онсызда мен орманға қайтқалы жатыр едім, менімен бірге жүріңіздер! Орманға бару үшін біз түрлі кедергілерден өтеміз. Мен бірінші болып жүрейін, ал сіздер менім артымнан еріңіздер!          Көпірдің үстімен жүреді, шеңберлерден аттап өтеді, құлаған ағаштардың астынан төрттағандап өтеді. (әрбір кедергілерден өткен кезде сылдырмақтарды балалар тауып алады)          Кедергілерден өтіп болған соң орманға кіреберісте тостағандары шашылып қалған гүлдер жатады. Сол гүлдердің арасынан күлтеқыз шығып тостағандардан гүлдер құрастырып беруін өтінеді.</p>	<p>Байтақ дала келбеті,          Түкті кілем сияқты.</p> <p>Көкке бояп өңірді,          Көктем келді көңілді.          Бау бақшада жайнаған,          Құстар әні төгілді.</p> <p>Иә!</p> <p>Балалар амандасады.</p>  <p>Жоқ!</p>  <p>Жоқ!</p> <p>Балалар қоянмен бірге орманға барады, түрлі кедергілерден өтеді.</p> <p>Балалар бірге ұжымданып жасайды, гүл құрастырып болған соң түстерін атап береді. Аю – медведь          Бал – мед          Қорбаң қорбаң етеді          Орман оның мекені          Тәтті балға тойып ап          Қыста ұйқыға кетеді</p> <p>Т.б. өлең тақпақтарын айтады.</p> <p>Бал – мед</p>
--	---

	<p>(ұжымдық жұмыс) Гүлдердің түсін айтады.  <i>Сергіту сәті «Сылдырмақ» әні.</i>                  - Бұл не шу? Не деген айқай? Маған ұйқы бермедіңдерғой!                  - Сәлеметсің бе, Аю жан! Бұл не ұйқы?! Қазір көктем, бүгін сенің туған күнің ғой! Сені туған күніңмен құттықтауға келдік. <i>Аю- медведь.</i> Аю кешірім сұрайды. Аюға балалар тақпақтарын айтып береді.                  Аю өзінің сыйлығын береді (бал толы бөшке)                  Балалар балды орыс тілінде мед деп атаймыз.  <i>Ойын «Қайтала».</i>                  Балалар аюдың жүрісін, қоянның жүгірісін, құстың ұшуын көрсетіп қайталайды.</p>	
<p><b>Іс әрекетті бағалау кезеңі</b></p>	<p>1. Оқу іс-әрекетінде жақсы қатыстыңдар!                  2. Бүгін қайда бардық?                  3. Кімнің туған күні?                  4. Аюды орысша қалай атаймыз?                  5. Балды орысша қалай атаймыз?                  6. Кім сылдырмағын жоғалтып алған?                  7. Қоянның орысшасы қалай?</p>	<p>Балалар жақсы көңіл күйде болады.                  Балалардың жауабы.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Көктем мезгілінің ерекшеліктерін біледі.

**Қандай түсініктерді игерді:** орман аңдарына қамқор болуға, бір-біріне көмектесуді үйренді.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Ұқыптылық, адамгершілік дағдыларын меңгерді.

\* \* \* \* \*

**Білім беру саласы:** Комуникация. Шығармашылық. Таным.

**Бөлімдері:** Сөйлеуді дамыту. Құрастыру. Сенсорика.

**Тақырыбы:** «Маша мен аю» ертегісі

**Мақсаты:** Балалардың түр, түс туралы білімдерін бекіту, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Сөздік қорын молайту, ойлау қабілетін арттыру.

Ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Орман аңдарына қамқор болуға, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Түстер мен пішіндерді ажыратуға үйрету. Жыл бойғы алған білімдерін тиянақтау.

**Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар:** Көктем көріністері тақырыбына суреттер қарау, ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Балаларға тақпақтар жаттатқызу.

**Әдіс – тәсілдер:** Түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауап, дидактикалық ойындар.

**Қажетті құралдар:** Суреттер, гүлдер, көбелектер, түрлі-түсті текшелер, аңдардың макеті.

**Сөздік жұмыс:** Көктем – весна, аю – медведь, бал – мед

Іс -әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p><b>Себепті қызығушылығын ояту кезеңі</b></p>	<p><i>Шаттық шеңбері</i>  <i>Бүгін бізге қонақтар келінті амандасайық.</i>  <i>Қайырлы таң алтын күн</i>  <i>Қайырлы таң ашық аспан</i>  <i>Қайырлы таң жер ана</i>  <i>Қайырлы таң достарым</i>  <i>Осы тілектермен күн нұрына бөленейік.</i></p>	<p>Балалар шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасап, өлең жолдарын қайталайды.</p>
<p><b>Ұйымдастырушы ізденіс кезеңі</b></p>	<p>Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?                      Көктем мезгілі.                      Көктем мезгілі екенін қайдан білдіңдер?                      Далада не болып жатыр?                      Ағаштар бүршік жарып жатыр.                      Ал, көктемде қандай ерекшеліктер болады?                      Қар ериді, күн жылиды, құстар жылы жақтан ұшып келеді, теректер бүршігін жарады.                      Балалар, бізге қонаққа біреу келіп тұрған сияқты.</p>	<p>Көктем мезгілі                      Балалардың жауабы                      Қар ериді, су ақты,                      Күндер туды шуақты.                      Байтақ дала келбет                      Түкті кілем сияқты.</p>

	<p>Кім екен?                  Саламатсыз ба?                  Саламатсыздар ма?                  Маша: Балалар ,бүгін сіздерде сабақ болып жатыр дегенді естіп келіп тұрмын.                  Мен де сендерсияқты оқығым келеді</p> <p>Осы кезде есік қағылады, топқа Маша келеді, балалармен амандасады.                  Тәрбиеші: Маша сен қайдан жол салып келесің?                  Маша: Мен құрбыларыммен серуендеп жүріп адасып қалдым. Келе жатып сіздердің дауыстарыңызды естіп келдім. Көмек сұрайын деп.                  Балалар машаға көмектесеміз бе?                  Маша сен ертегіні жақсы көресің бе?                  Ендеше балалар мен бірге үлкен теледидарға назар салайық.                  Балалар мынау қай ертегінің үзіндісі?                  Ал мынау ше?                  Суреттегі етрегі кейіпкерлері немен айналысып жатыр?  <b>«Көлеміне қарай орналастыр!»</b>  <b>Сенсорлық тапсырма№4</b>                  Суретте үйшіктер мен күнбағыстар бар екен балалар. Сол күнбағыс пен үйшіктерді пішіндеріне қатар орналастыру керек.                  Балалар үйдің шатырының пішіні қандай?                  Күнбағыстың пішіні неге ұқсайды?                  Ол жерде гүлдер өсіп тұр екен, үй тұр екен ,үйдің жанында су бар екен.                  Балалар үйдің шатырының пішіні қандай?                  Үйдің пішіні қандай?                  Терезенің пішіні қандай?                  Бұл үйде кім тұрады екен көрейікші?                  Осы кезде үйден аю шығады да Машаны ұстап алады.</p>	<p>Көкке бояп өңірді,                  Көктем келді көңілді.                  Бау бақшада жайнаған,                  Құстар әні төгілді.                  Үшбұрыш.                  Төртбұрыш.</p> <p>Балалар амандасады.</p> <p>Жоқ!</p> <p>Жоқ!</p> <p>Балалар қоянмен бірге орманға барады, түрлі кедергілерден өтеді.</p> <p>Балалар бірге ұжымданып жасайды, гүл құрастырып болған соң түстерін атап береді.</p>
--	--	---



	<p>Аю:Енді мен сені жібермеймін егерде менің тапсырмамды орындап берсең ғана ойланып көремін.                  Маша: Ой, мен қалай орындасам , мен оны жасай алмаймын ғой!                  Маша сен мұңайма, біздің балалар саған қазір көмектеседі.                  Аю: Ой рахмет сендерге, балалар,                  Ойын: «Сыйқырлы гүлдер»                  Әдемі болып нелер өсіп тұр?                  Гүлдер.                  Нелер ұшып жүр.                  Көбелектер                  Көбелектерді гүлдерге қондырамыз.                  Өз түстерімен.                  Мына гүлдің түсі қандай? Қызыл.                  Қызыл көбелек қонады.                  Мына гүлдің ше? Сары?                  Сары көбелек қонады.                  Гүлдердің түсін айтады.  <i>Сергіту сәті «Сылдырмақ» әні.</i>                  Аю кешірім сұрайды.                  Аю өзінің сыйлығын береді (бал толы бөшке)                  Ойын «Қайтала».                  Балалар аюдың жүрісін, қоянның жүгірісін, құстың ұшуын көрсетіп қайталайды.</p>	
<p><b>Іс – әрекетті бағалау кезеңі</b></p>	<p>Оқу іс-әрекетінде жақсы қатыстыңдар!                  Бүгін қайда бардық?                  Кім келді?</p>	<p>Балалар жақсы көңіл күйде болады.                  Балалардың жауабы.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Көктем мезгілінің ерекшеліктерін біледі.

**Қандай түсініктерді игерді:** орман аңдарына қамқор болуға, бір-біріне көмектесуді үйренді.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Ұқыптылық, адамгершілік дағдыларын меңгерді.

\* \* \* \* \*